

Аудиторлық қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 24 қантардағы № 79 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 24 қантарда № 26614 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз.

"Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған аудиторлық қызметті лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ишкі мемлекеттік аудит комитеті аудиторлық қызметті жүзеге асыру жөніндегі уәкілдепті орган –лицензиар (лицензиялар (оның ішінде телнұсқалар) беру, қайта ресімдеу, лицензиялардың қолданысын тоқтата тұру, қайта бастау, одан айыру) болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінде интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

E. Жамаубаев

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
сандақ даму, инновациялық және
аэрогалымдық өнеркәсібінің министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

**Аудиторлық қызметті лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті
растайтын құжаттар тізбесі**

№ р/с	Аудиторлық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарды мыналарды қамтиды:	Біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар	Ескерте
1	2	3	4
1.	"Астана" халықаралық қаржы орталығында тіркелген үйымдарды қоспағанда, жауапкершілігі шектеулі серіктестік үйымдық-құқықтық нысанының болуы	Жарғының, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік* немесе аныктама	Лицензиар орган www.elicense.kz , www.egov.kz мемлекеттік дереккөры арқылы тексеріледі
2.	Жарғылық капиталда аудиторға (аудиторларға) және (немесе) шетелдік аудиторлық үйимға (үйимдарға) тиесілі үлестің жүз пайызы болуы	Жарғының, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік* немесе аныктама; Күрылтайшылардың (катаисушилардың) "аудитор" біліктілігін беру туралы біліктілік куәліктерінің көшірмелері.	Лицензиар орган www.elicense.kz мемлекеттік дереккөры арқылы тексеріледі
3.	Аудиторлық үйимның құрамында кемінде 2 (екі) адамнан тұратын (оның ішінде басшысының және (немесе) құрылтайшылардың (катаисушилардың) болуы	Осы аудиторлық үйимда жұмыс істейтін аудиторларға "аудитор" біліктілігін беру туралы біліктілік куәліктерінің және осы аудиторлық үйиммен еңбек қызметтін растайтын құжаттардың көшірмелері, басшының еңбек шартын жасасу және (немесе) тоқтату негізінде еңбек қатаистарының туындауын және (немесе)	
4.	Аудитордың өз қызметтін аудитор ретінде тек бір аудиторлық үйимның		

	күрамында жүзеге асыруы	тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді	
5.	Аудиторлық ұйым басшысында, сондай-ақ аудиторларда аудиторларға кандидаттарды атtestаттау жөніндегі біліктілік комиссиясы берген "аудитор" біліктілігін беру туралы біліктілік қуәлігінің болуы	"Аудитор" біліктілігін беру туралы біліктілік қуәліктерінің көшірмелері	
6.	Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес аудиторлық ұйымның басшысына қатысты бұрын ол жетекшілік еткен аудиторлық ұйымның лицензиясынан айыру туралы мәліметтердің болмауы		Осы талап лицензиядан айыру туралы сот шешімі занды қүшіне енген күнінен бастап бір жыл бойы әрекет етеді және аудиторлық ұйымдар тізілімінің және құқықтық статистика және арнаиы есепке алу жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық дереккорының деректерін пайдалана отырып тексеріледі
7.	Филиал басшысының Қазақстан Республикасының аумағында филиал құрған жағдайда, "аудитор" біліктілік қуәлігінің болуы	"Аудитор" біліктілігін беру туралы біліктілік қуәлігінің, еңбек кітапшасының, жеке еңбек шартының көшірмелері не басшының еңбек шартын жасасу және (немесе) тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және (немесе) тоқтатылуын растайтын жұмыс беруші актілерінен үзінді	Бұл талап аудиторлық ұйымдар лицензия алғаннан кейін қолданылады

8.	Аудитор бір ғана аудиторлық ұйымның қатысушысы болып табылады	Жарғының, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік* немесе аныктама; Күрылтайшылардың (қатысушылардың) "аудитор" біліктілігін беру туралы біліктілік куәліктерінің көшірмелері.	Лицензиар орган www.elicense.kz мемлекеттік дерекқоры арқылы тексеріледі "
9.	Аудитті жузеге асыру кезінде мүліктік зиян келтірудің салдарынан туындағыны міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартының болуы		Бұл талап аудиторлық ұйымдар лицензия алғаннан кейін қолданылады
10.	Аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қызмет түрлерін жузеге асыру		Лицензиар орган www.elicense.kz мемлекеттік дерекқоры арқылы тексеріледі
11.	Орта немесе іpi кәсіпкерлік субъектісі болып табылады		Лицензиар орган www.elicense.kz мемлекеттік дерекқоры арқылы тексеріледі

Шетелдік ұйым (шетелдік ұйымдар) Қазақстан Республикасының резиденті – аудиторлық ұйымды құрған кезде жоғарыда санамаланған біліктілік талаптарынан басқа, мынадай қосымша талап қойылады:

12.	Шетелдік ұйым аудиторлық ұйым болып танылады	Резиденті болып табылатын елдің кәсіби аудиторлық ұйымы немесе мемлекеттің құзыретті органды беретін нотариалды қуәландырылған аудармасы бар аудиторлық ұйымның мәртебесін раставу туралы хаттың тұпнұсқасы не лицензияның нотариалды қуәландырылған көшірмесі	Халықаралық бухгалтерлер федерациясындағы шетелдік аудиторлық ұйымның мәртебесін раставайтын, кәсіби
-----	--	--	--

Ескертпе:

* "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы күәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.